БЕКІТІЛДІ
Қабылдау комиссиясының төрағасы
Шоранов М.Е. ____________
«13» 06 2024ж.

# «Сот-медициналық сараптама» 7R01134 мамандығы бойынша резидентураға қабылдауға арналған қабылдау емтиханын өткізу бағдарламасы

Алматы, 2024

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаны әзірлеген: Тулепбергенова Г.М., Балапанова А.Х., Шевченко Г.С.

Бағдарлама Патологиялық анатомия кафедрасы сот медицина курсымен отырысында (24.03.2023 хаттама № 8) талқыланды және бекітілді.

Кафедра меңгерушісі Балапанова А.Х.

Бағдарлама дипломнан кейінгі білім беру факультетінің ББК отырысында талқыланып, бекітілді ( . .2024 жылғы № хаттама)

Төрайым Енсегенова З.Ж.

Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы Баймаханов А.Н.

Бағдарлама академиялық комитет отырысында талқыланып, бекітілді (_30_._04__.2024 жылғы №9_ хаттама)

Төрайым Калматаева Ж.А.

## 2023-2024 оқу жылына 7R01134 «Сот-медициналық сараптама» мамандығы бойынша резидентураға қабылдау үшін түсу емтиханының бағдарламасы

**Оқу мерзімі** - 2 жыл

**Мақсаты**: бакалавриат және интернатура базалық білім деңгейінде мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес «Сот-медициналық сараптама» бойынша мамандарды даярлауға үміткерлер арасында сапалы іріктеуді жүргізу.

**Өткізу рәсімі.**

Резидентураға оқуға қабылдау құрамдастырылған түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1. интернатурада оқу кезеңі үшін 35% соманы құрайтын GPA орташа балы (10%) және бакалавриатта GPA орташа балы (25%) немесе GPA барлық 7 оқу жылы үшін орташа балы;

Өткен жылдардың бітірушілері үшін (транскриптте GPA болмаған жағдайда) дипломға қосымшаның бағаларының орташа балы есептеледі (4-балдық шкала бойынша қайта есептегенде, 4,0 жүйе бойынша ең жоғары балл ескеріледі).

2. Қорытынды аттестаттаудың (ҚА) 1-кезеңінің бағасы (ҰТЕО өткізетін тәуелсіз тестілеу) – 35% құрайды.

3. Ауызша әңгімелесуге резидентураның әрбір мамандығы бойынша бакалавриаттың, интернатураның бағдарламасы кіреді, ол жалпы балл сомасының 30% - ын құрайды.

Мамандықтар бойынша әңгімелесу бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі. Әңгімелесуге қашықтық форматта рұқсат етіледі. Әңгімелесудің ұзақтығы бір үміткерге 15-30 мин. Әңгімелесу үш бөлімнен тұрады:

1. Үміткердің резидентурасының таңдаған негізгі мамандығы бойынша уәждемелік хаты, ең жоғары балл - 30
2. Таңдалған мамандық бойынша жеке сұрақ (ең жиі кездесетін нозологияның бірін анықтау, ұғымы, клиникасы, диагностикасы және емдеу), ең жоғары балл - 30
3. Ситуациялық есеп, максималды балл-40

Бағалау мамандық бойынша емтихан бағдарламасына сәйкес чек-парақтар бойынша жүзеге асырылады.

## «7R01134 - Сот-медициналық сараптама» мамандығы бойынша резидентураға қабылдау емтиханына дайындық сұрақтары

1. Өлім туралы түсінік, өлу процесі. Өлімнің себебі мен генезисі. Терминал күйлері. Клиникалық және биологиялық өлім.
2. Өлім фактісі, оның белгілері, өлім дамуын нақтылау. Танатогенез туралы түсінік. Жедел өлімнің морфологиялық белгілері.
3. Ерте және кеш мәйіттік өзгерістердің сипаттамасы мен маңызы. Мәйіттік өзгерістердің даму белгілері бойынша өлім уақытын болжау.
4. Кенеттен жедел дамыған /скоропостижная/ өлім: анықтамасы, әртүрлі жас топтарында оның пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар.
5. Жүректің ишемиялық ауруы. Ұғымның анықтамасы, жіктелуі, себептері, морфогенезі, нәтижесі, патологиядағы маңызы.
6. Кардиомиопатиялар. Ұғымның анықтамасы, жіктелуі, себептері, морфогенезі, нәтижелері, патологиядағы маңызы.
7. Зақымдану түсінігінің анықтамасы. Зақымданудың негізгі классификациялары (зақымдану факторы, сипаты және ауырлығы бойынша).
8. Жарақаттар және оның түрлері. Әр түрлі жарақаттардың алдын алу.
9. Механикалық зақымдану және олардың морфологиялық сипаттамасы: сырылулар, қанталақ, жаралар, буын шығуы, сынықтар, мүшелердің жұлынып кетуі және бөлщектенуі, дене бөліктерінің жаншылуы, бөлінуі және жаншылуы.
10. Жарақаттардың асқынулары. Жарақат салдарынан бар аурулардың өршуі. Механикалық зақымданудан болатын өлім себептері.
11. Кинетикалық энергия туралы түсінік, екіншілік снарядтар, тұрақты және айнымалы ток.
12. Техникалық электр энергиясының әсері, жоғары және төмен атмосфералық қысым, адам ағзасына сәулелену энергиясының әсері.
13. Қан топтары. Қанның топтық және басқа қасиеттерінің тұқым қуалауы.
14. Улы өсімдіктердің, жануарлар мен жәндіктердің уларының ағзаға әсері.
15. Биохимия – қан ақуыздары, қанның тыныс алу қызметі, гемоглобиннің (оның туындыларының) өзгерістер.
16. Шіру, аутолиз процестеріне, бұлшықеттің жиырылуына әсер ететін қанның ферменттік жүйелері.
17. Гипоксия және оның түрлері, жедел қан жоғалту, жедел бүйрек, бауыр және жүрек-тамыр жеткіліксіздігі.
18. Экстремалды күйлер, шок, коллапс, кома ұғымдары.
19. Жоғары температураның жергілікті және жалпы әсері. Күйік. Күйік ауруы.
20. Төмен температураның жергілікті және жалпы әсері. Үсік шалудың

клиникалық классификациясы.
21. Улар туралы түсінік. Улардың қасиеттері. Токсикодинамика және токсикокинетика туралы түсінік.
22. Шығу тегі бойынша уланулардың жіктелуі. Тамақпен улану. Уланудың алдын алу.
23. Этил спиртімен жедел улану. Өлімге әкелетін доза. Улы әсері. Интоксикация дәрежесі. Резорбция және элиминация кезеңдері.
24. Алкоголь алмастырғыштармен /суррогаты/ улану. Диагностикалық әдістер.
25. Жаңа туған нәрестенің белгілері. Тірі туылу, мерзіміне жетіп туылу белгілері және ұрықтың өміршеңдігінің критерийлері.

*Қосымша 1*

**«7R01134 - Сот-медициналық сараптама»**
**мамандығы бойынша сұхбаттың chek-парағы**

| Ынталандыру факторларын бағалау | Ең жоғарғы ұпай – 30 | | |
|---|---|---|---|
| | Жауап толық | Жауап ішінара | Жауап толық емес |
| Бағдарламаға түсу үшін мансаптық (өмірлік немесе өзекті) мақсаттар | 6 | 4 | 0 |
| Мансап жоспары: жоғарыда сипатталған мақсаттарға қалай қол жеткізіледі | 6 | 4 | 0 |
| Сипатталған мансаптық жоспарға қажетті қасиеттердің, дағдылардың және білімдердің қайсысы сізде бар және сізге нені дамыту керек? | 6 | 4 | 0 |
| Сіз өтінім беріп отырған бағдарлама сізге сәйкес қасиеттерді, дағдылар мен білімді дамытуға және жоғарыда көрсетілген мансаптық мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі? | 6 | 4 | 0 |
| Сіз университетке және курстастарға қалай қызықты/пайдалы бола аласыз? | 6 | 4 | 0 |
| **Ынталандыру факторлары үшін барлығы** | | | |
| **Мамандық бойынша жеке сұрақ** | Ең жоғарғы ұпай – 30 | | |
| | Жауап толық 30 ұпай | Жауап ішінара 20 ұпай | Жауап толық емес 0 ұпай |
| | Сұраққа дұрыс жауап берді | Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда қателер бар | Сұраққа жауап бермеді |
| **Жеке сұрақ үшін барлығы** | | | |
| **Мамандық бойынша ситуациялық тапсырма** | Ең жоғарғы ұпай – 40 | | |
| | Жауап толық 40 ұпай | Жауап ішінара 20 ұпай | Жауап толық емес 0 ұпай |
| | Сұраққа дұрыс жауап берді | Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда қателер бар | Сұраққа жауап бермеді |

| | |
|---|---|
| **Ситуациялық тапсырма үшін барлығы** | |
| **Сұхбат үшін жалпы ұпайлар** | |

*Қосымша 2*

## Қабылдау емтиханының мәлімдеме парағы

| № | Өтініш берушінің А.Т.Ә. | GPA (5 жыл) | GPA (2 жыл) | ҚА (ұпай) нәтижесі | Сұхбат (ұпай) | Жалпы ұпай | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |

**Емтихан комиссиясының төрағасы:**
_____ ___________________
(қолы) (қолдың аты)

**Комиссия мүшелері:** _________ ___________________
(қолы) (қолдың аты)

_________ ___________________
(қолы) (қолдың аты)

_________ ___________________
(қолы) (қолдың аты)

**Күні «______»______________20__ ж**